

## Террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 3 мамырдағы № 315 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 мамырда № 32437 болып тіркелді.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Қорғаныс өнеркәсіп кешені департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің

## **Террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілерінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін нақтылайды.

Осы Нұсқаулық террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілері басшыларының, меншік иелерінің, иелерінің, осындай объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін қызметкерлердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін зерделеу, тексеру және бағалау кезінде бақылаушы және атқарушы органдар үшін пайдалануға арналған.

Террористік тұрғыдан осал қорғаныс өнеркәсібі объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырудың мақсаты терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін жағдайлар жасау (объект аумағында терроризм актісін жасау қатерін азайту) және ықтимал террористік қатерлердің салдарларын барынша азайту және (немесе) жою болып табылады.

2. Нұсқаулықтың әрекеті қорғаныс өнеркәсібі объектілеріне, атап айтқанда персоналдың және (немесе) құрылыстардың, ғимараттар мен құрылыстар кешенінің жиынтығы не олардың бөліктері бойынша қорғаныс-өнеркәсіп кешені ұйымдарына қолданылады.

3. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алғашқы ден қою шаралары – терроризм актісінің қатері немесе жасалғаны туралы уәкілетті мемлекеттік органдарды уақтылы хабардар етуге бағытталған, объект персоналы және күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері қабылдайтын бірінші кезектегі іс-шаралардың, сондай-ақ терроризм актісінің ықтимал салдарын барынша азайту және жою (шұғыл (алғашқы) ден қою күштерінің алғашқы және тергеу әрекеттерін жүзеге асыруына көмек көрсету, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуациялау және басқалары) жөніндегі іс-қимылдардың кешені;

2) байланыс жүйесі – ақпаратты (ақпарат) беруге (алмасуға), объектінің күзет қызметінің жұмысын жедел басқаруға арналған техникалық құралдар мен арнайы бөлінген байланыс арналарының жиынтығы;

3) бақылау-өткізу пункті – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

4) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

5) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қараңғы уақытында бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін және объектідегі адамдар мен көлік құралдарын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

6) инженерлік-техникалық нығайтылу – объектіге не оның бөліктеріне санкциясыз енуге қарсы қажетті іс-қимылды қамтамасыз ететін құрылымдық элементтер, инженерлік, техникалық құралдар және (немесе) олардың жиынтығы;

7) күзетілетін аймақ (учаске) – күзетілетін аумақ, сондай-ақ объектіде бөлінген аймақтар (учаскелер), ғимараттардың (құрылыстар мен құрылысжайлардың) бөліктері, үй-жайлар және олардың құрылымдық элементтері;

8) күзетілетін объектілер – күзетілетін адамдардың болуына арналған ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзететін өзге де ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен акватория;

9) кіруді шектеу құралдары – объектіге, оның ықтимал қауіпті учаскелеріне санкциясыз енуге кедергі келтіретін жабдық және (немесе) құралдар;

10) кіруді бақылау және басқару жүйесі – кіруді бақылауға, объектіге және (немесе) оның жекелеген аймақтарына персонал мен келушілердің кіру және (немесе) шығу құқықтарын шектеуге, ақпаратты жинауға және сақтауға арналған, техникалық жағынан үйлесімді аппараттық құралдардың және (немесе) бағдарламалық қамтылымның жиынтығы;

11) күзет дабылы жүйесі – күзетілетін аймаққа (учаскеге) санкциясыз енуді, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуын анықтауға, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуы туралы ақпаратты берілген түрде жинауға, өңдеуге, беруге және ұсынуға арналған, бірге жұмыс істейтін техникалық құралдардың жиынтығы;

12) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері – объектінің аумақтық бөлінген, жарылыс-өрт қаупі бар, қауіпті химиялық заттар, қару мен оқ-дәрілер, уытты заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің, жүйелердің, жабдықтардың немесе құрылғылардың элементтері қолданылатын, сақталатын немесе пайдаланылатын аймақтары (учаскелері), құрылымдық және технологиялық элементтері, объектінің қауіпті аймақтары, сондай-ақ объектідегі адамдар көп болуы, терроризм актісінің жасалуы өмір мен денсаулыққа залал келтіруі, аварияның, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соғатын төтенше жағдай қаупінің туындауы,

кейіннен терроризм актісін жасауда пайдалану мақсатында қауіпті заттар мен материалдардың ұрлануы ықтимал орындар;

13) объектілердің персоналы – объектінің, оның ішінде оның жалға алынған алаңдарында қызметін жүзеге асыратын басшылары, жұмысшылары, қызметкерлері;

14) объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

15) оқу (профилактикалық) іс-шаралары – персонал мен күзетті оқытудың алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұсқамалар мен сабақтар түрінде жүзеге асырылатын алдын ала тәсілдері;

16) өткізу режимі – адамдардың санкциясыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін жоққа шығаратын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

17) тойтару аймақтары – объектінің инженерлік қоршауларына тікелей іргелес жатқан аумақта орналасқан, құрылыстардан, ағаштардан, бұталардан және өзгелерден бос жергілікті жер учаскелері;

18) таранға қарсы құрылғылар (бөгеттер) – көлік құралдарын мәжбүрлеп баяулатуға және (немесе) тоқтатуға арналған инженерлік-техникалық бұйымдар;

19) терроризмге қарсы қорғалу паспорты – объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат;

20) телевизиялық күзет жүйесі – бұзушылықты анықтауға және тіркеуге арналған жабық үлгідегі телевизиялық жүйе болып табылатын бейнебақылау жүйесі;

21) хабардар ету жүйесі – террористік тұрғыдан осал объектідегі тұлғаларды төтенше жағдайлар (авария, өрт, дүлей апат, шабуыл, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы.

Осы Нұсқаулықтарда пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.03.2024 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2024 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

4. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы қамтамасыз етіледі:

1) ұлттық қауіпсіздік органдары айқындайтын ықтимал террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігін және олардың ықтимал салдарларын ескере отырып, объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын өткізу;

2) объектіде терроризм актісін жасауға және оны жоюға ықпал ететін ықтимал себептер мен жағдайларды айқындау;

3) қажетті инженерлік-техникалық құралдармен жарақтандыру:

рұқсатсыз кіруді болдырмайтын және объектінің режимдік жағдайларын қанағаттандыратын объект периметрінің жабдығы бойынша: периметрдің, объектінің аймақтары мен жекелеген учаскелерінің қоршауы (физикалық тосқауыл); бақылау-өткізу пункттері; таранға қарсы құрылғылар (оның ішінде гүлзарлар, сәулет, ландшафт элементтері, боллардтар және басқалар); объект ғимараттарының, құрылыстарының қабырғаларының, оның терезе ойықтарының нығаюы; кіруді бақылау және басқару құралдары, кіруді шектеу, тексеру, жарықтандыру жүйелері мен құралдары; бас тарту аймақтары, бақылау-із жолақтары; бақылау мұнаралары, сыртқы периметрді бақылаудың өзге де жүйелері;

объектідегі жағдайды бақылау бойынша: байланыс, құлақтандыру, күзет және дабыл жүйелері мен құралдары (оның ішінде дабыл берудің мобильді не стационарлық құралдары – "дабыл түймелері") дабыл беру, күзет телевизиялық жүйелері, пилотсыз ұшу аппараттарына қарсы іс-қимыл жүйелері;

қауіпсіздік жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ететін: резервтік, үздіксіз электрмен жабдықтау жүйелері мен құралдары;

террористік тұрғыдан осал объектілерді осы тармақта тікелей көрсетілмеген, бірақ сол міндеттер мен функцияларды орындайтын немесе сол мақсаттарға жауап беретін өзге де инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға жол беріледі;

4) белгіленген өткізу режимін қамтамасыз ету;

5) терроризм актісінің жасалу қатеріне (терроризм актісінің, террор құралдарының жасалу белгілерін анықтау, бұл туралы басшылықты, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды хабардар ету) бастапқы ден қоюға персоналды, басшылықты және объектілерді күзетуді даярлауды (оқытуды) ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады;

6) терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету талаптарының сақталуын бақылау;

7) жасалған терроризм актісі туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және (немесе) ішкі істер органдарын уақтылы хабардар етуге;

8) уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жедел басқару органдары террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайту және (немесе) жою мәселелері бойынша оқу-жаттығуларға, жаттығулар мен эксперименттерге объект персоналының қатысуы;

9) объект персоналы мен күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін террористік сипаттағы қатерлерге алғашқы ден қою дағдыларына оқыту;

10) объектіде терроризм актісі жасалған жағдайда персонал мен келушілерді хабардар етуді және эвакуациялауды ұйымдастыру;

11) террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын уақтылы жасау және өзекті жай-күйде ұстау, оны тиісінше сақтау;

12) адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, негізгі құтқару, авариялық және өзге де қызметтер келгенге дейін терроризм актісінің салдарларын жоюға және барынша азайтуға бағытталған бастапқы ден қою шараларын ұйымдастыру үшін қажетті күштер мен құралдарды қалыптастырумен;

13) тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің қауіпсіздігін және объектінің (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газ жабдығы, өрт сөндіру), объект персоналы мен келушілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шараларды дайындау және ұйымдастыру, эвакуациялау жолдарын айқындау, персоналды қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, аталған қызмет учаскелері үшін жауапты адамдарды белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Терроризм актісінің жасалу қаупі туралы ақпарат алған кезде объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары және өзге де лауазымды адамдары объектілерде туындайтын террористік қауіп-қатерлерге уақтылы және барабар ден қою және терроризм актілерін жасауының алдын алу үшін қосымша шараларды жүзеге асырады.

Қосымша шаралар Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығымен бекітілген Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – Хабардар ету қағидалары) террористік қауіптіліктің белгіленген деңгейіне сәйкес.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі осы талаптарды, күзетілетін адамдардың қауіпсіздігінің қажетті деңгейлерін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, күзет, режимдік және өзге де шаралардың көлемі мен ерекшелігін ескере отырып, олар болатын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырудың қосымша талаптарын белгілейді.

14) Объект басшысының бұйрығымен объектіні терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді және осы Нұсқаулық шеңберінде шаралар қабылдауды қамтамасыз ететін адам айқындалады.

Объектіні терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерді таңдау және тағайындау оның құзыреті мен терроризмге қарсы іс-әрекеттің ерекшелігіне неғұрлым сәйкес келетін лауазымдық міндеттері ескеріле отырып жүргізіледі.

## **2-тарау. Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

5. Өткізу режимі объектінің жалпы қауіпсіздік жүйесінің бөлігі болып табылады және террористік тұрғыдан осал объект персоналы мен келушілерінің қауіпсіздік деңгейін арттыруды қамтамасыз етуге арналған.

Өткізу режимі адамдар мен көлік құралдарын объектіге немесе оның бөліктеріне (аймақтарына) санкцияланған рұқсат беруді ұйымдастыруды, құқыққа қарсы ниеті бар адамдарды, сондай-ақ оларды іске асыру үшін пайдаланылатын нәрселер мен заттарды анықтауды, объектіні күзетуді, объектінің ықтимал қауіпті учаскелерін және сындарлы аймақтарды қорғауды, оның ішінде бөтен адамдар объектіде бақылаусыз болуды болдырмауды қамтиды.

Өткізу режимі мынадай мақсаттарда енгізіледі:

1) күзетілетін аймақтарға, кіру шектелген аймақтарға және террористік тұрғыдан осал объектінің аумағына бөгде адамдар мен көлік құралдарына рұқсатсыз кіру мүмкіндігін болдырмау;

2) объектінің аумағына (аумағынан) кіру (шығу), кіру (шығу) кезінде тәртіпті орнату және қолдау;

3) мүлікті, тыйым салынған заттарды объектінің аумағына және аумағынан рұқсатсыз кіргізуді (шығаруды) және әкелуді (әкетуді) болдырмау;

4) терроризмге қарсы қорғау деңгейін арттыру.

Өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету тәртібін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, террористік тұрғыдан осал объектінің басшылығы белгілейді.

Терроризмге қарсы операцияны жүргізу кезеңінде өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз етуді терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб (республикалық, облыстық, қалалық) реттейді.

6. Өткізу режимін енгізу алдында мынадай бағыттарға бағытталған дайындық жұмыстары жүргізіледі:

1) күзетілетін аймақтың, кіру шектелген аймақтың шекараларын айқындау;

2) күзетілетін аймаққа кіруге тыйым салатын объект аумағының периметрін қоршау ;

3) жеке, көліктік және материалдық рұқсаттамалардың (бұдан әрі – белгіленген үлгідегі рұқсаттамалар) бірыңғай үлгілерін енгізу, оларды есепке алу, тіркеу және беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

4) күзет қызметінің жасақтары (экипаждары) террористік тұрғыдан осал объектінің аумағын патрульдеуді ұйымдастыру.

7. Объектіде террористік тұрғыдан осал адамдарды өткізу режимін ұйымдастыру тәртібінен басқа қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар мыналарды көздейді:

1) тиісті өткізу режимін қолдау үшін жауапты тұлғаны (тұлғаларды) және (немесе) бөлімшені (- лерді) айқындау;

2) күзет қызметтерін көрсету туралы шартта терроризмге қарсы қорғалуды және қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі күзет қызметі субъектісінің жауапкершілігі мен міндеттерін бекіту.

Жалпы тексеру аймақтары бір немесе бірнеше тексеру пункттерінен тұрады.

8. Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларына сәйкес террористік қауіптілік деңгейі жарияланған кезде объектіге баратын адамдарға, олардың алып жүретін заттарына, оның ішінде қол жүгі мен багажына жете тексеру жүргізуді жалпы жете тексеру аймақтарындағы жете тексеру ( күзет) қызметі жүзеге асырады.

Тексеріп қараудың мақсаты объектілердің, персонал мен келушілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау болып табылады.

Персонал мен келушілерді, олардың алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарау қауіпті заттар мен нәрселерді заңсыз алып өтуді болдырмау үшін жүзеге асырылады.

Қол жүгін, теңдеме жүкті қарап тексеруден өтуден немесе осындай қарап тексеру үшін көрсетуден бас тартатын адам объектіге жіберілмейді.

9. Террористік қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу мақсатында объектінің қауіпсіздік қызметі өз күшімен және құралдарымен қоғамдық тәртіпті сақтауды және бақыланатын аймақтарды патрульдеуді жүзеге асырады.

10. Тексеру барысында қауіптілігі жоғары объектілерге енгізуге тыйым салынған заттар мен заттар (қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, өзге де қауіпті құрылғылар, заттар немесе заттар) табылған кезде қарап тексеруді жүзеге асыратын қызметкерлер полицияның кезекші нарядтарын оларды алып қою және тиісті рәсімдерді жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген объектіге енгізуге тыйым салынған заттар мен заттарды сақтауға және алып жүруге тиісті рұқсаты болған жағдайларды қоспағанда, олар табылған адамға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешім қабылдау.

11. Объектінің қауіпсіздік қызметі жүзеге асыратын объектішілік режим мыналарды қамтиды:

1) өз қызметін объектіде жүзеге асыратын жұмыскерлер мен келушілердің объектіде болу тәртібі;

2) объектіде орнатылған немесе орналастырылған инженерлік жүйелердің, коммуникациялардың, жабдықтардың жұмыс істеу режимі;

3) объектіде жөндеу-құрылыс, тиеу, түсіру және өзге де жұмыстарды жүргізу тәртібі;

4) автокөлік құралдарының кіруі және қызметкерлердің (жүк тиеушілердің) объект аумағына кіруі және оларды қарсы алу үшін рұқсаттамалар беру;

5) объектіде экстремизмді, ұлттық дұшпандықты насихаттайтын, билікті күшпен ауыстыруға шақыратын баспа және қолжазба өнімдерін таратуға, сондай-ақ санкцияланбаған қоғамдық-саяси акциялар мен үгіт жұмыстарын жүргізуге тыйым салу

;



6) бөгде ұйымдардың алып жүретін адамдары мен көлік құралдары объектісінің режимдік үй-жайларында және кіру шектелген аймақтарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

7) объектішілік режим қағидаларын бұзу фактілерін бақылау және құжаттауды қамтамасыз ету.

12. Күзетілетін аймақта рұқсат етілмейді:

1) жұмыс уақыты (ауысым) аяқталғаннан кейін объект басшылығының рұқсатынсыз персоналдың болуы (тәулік бойы жұмыс істейтін адамдардан басқа);

2) аумақты құрылыс және басқа материалдармен, аумақтың көрінетін бөлігін шектейтін, персоналдың, көліктің қозғалысын қиындататын және тұтанудың пайда болуына немесе жарылғыш құрылғының салынуына мүмкіндік беретін заттармен үйіп тастау;

3) терезелер мен есіктерді, оның ішінде металл торлары бар есіктерді ашық қалдыруға.

13. Объектілерді күзетудің инженерлік-техникалық құралдары объектілерді пайдалануды қамтамасыз ететін күзет бөлімшесінің пультіне қосылады (шығарылады).

14. Объектілерді күзетуді және қауіпсіздікті қамтамасыз етуді күзет қызметін жүзеге асыру үшін тиісті лицензиясы бар объектінің қауіпсіздік қызметі жүзеге асырады:

1) патрульдеу тәсілімен: жаяу, ат нарядтарымен немесе автоэкипаждармен;

2) стационарлық бекеттер қою арқылы;

3) инженерлік-техникалық күзет құралдарының және бейнебақылау жабдықтарының көмегімен;

4) қызметтік иттерді пайдалану арқылы.

15. Қорғаныс өнеркәсібінің әрбір объектісінде өткізу және объектішілік режимді ұйымдастыру Қағидаларының негізінде оның ерекшеліктерін ескере отырып, күзет қызметі субъектісінің басшысы күзет қызметкерінің лауазымдық нұсқаулықтарын (қызмет өткеру жөніндегі нұсқаулықтарды) әзірлейді.

### **3-тарау. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

16. Профилактикалық және оқу іс-шараларын өткізудің мақсаты объектіде күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан объектілер персоналы мен күзет қызметі субъектілері жұмыскерлерінің арнайы даярлық деңгейін және террористік сипаттағы қатерлерді болғызбауға байланысты міндеттерді шешуге күштер мен құралдардың дайындығын арттыру болып табылады.

17. Профилактикалық және оқу іс-шараларын террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары ұйымдастырады.

Профилактикалық және оқу іс-шараларын өткізуге уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлері, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтардың өкілі тартылады.

Профилактикалық және оқу іс-шаралары террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелерімен, иелерімен, басшыларымен, персоналымен, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің қызметкерлерімен нұсқамалар, сабақтар (практикалық және теориялық) және эксперименттер нысанында жүргізіледі.

Қорғаныс кешені объектілерінде эксперименттерді терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб өкілдері жүргізеді.

Эксперимент жүргізу туралы шешімді жедел штаб басшысы қабылдайды.

Объектіде эксперимент жүргізу фактісі объектінің басшысында сақталатын эксперимент жүргізу нәтижелері туралы актімен расталады.

Нұсқамалар мен сабақтар өткізу туралы осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша терроризмге қарсы қорғау жөніндегі оқу іс-шараларын есепке алу журналына жазу жүргізіледі.

Персоналы көп (20 адамнан астам) объектілер үшін аталған іс-шараларды өткізуді құжаттау хаттамалық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

18. Нұсқама өткізу сипаты мен уақыты бойынша жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

19. Нұсқама кезінде персоналға объект үшін террористік қауіптердің неғұрлым ықтимал сипаты мен ерекшелігі және олар туындаған кездегі мінез-құлық қағидалары, салдарларды барынша азайту және жою тәсілдері жеткізіледі.

20. Жоспарлы нұсқама жылына кемінде бір рет немесе жұмыс әдісіне байланысты (вахталық, ауысымдық, маусымдық) екі жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Жоспарлы нұсқама жеке және (немесе) қызметкерлер тобы үшін жүргізілуі мүмкін.

21. Жоспардан тыс нұсқаманы қорғаныс өнеркәсібі объектілерін терроризмге қарсы қорғау жөніндегі даярлау және қайта даярлау бағдарламасы негізінде даярлау курстарынан өткен объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары не егер мұндай нұсқама өткізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығулар мен эксперименттерге тартылған мемлекеттік органдардың өкілдері жүргізеді:

- 1) нысан орналасқан аймақтағы террористік қауіптілік деңгейін енгізу;
- 2) терроризм актісі жасалуының ықтимал қатері туралы ақпараттың болуы;
- 3) оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындық;
- 4) күзет іс-шараларын өткізуге дайындық.

22. Жоспардан тыс нұсқама қажеттілігіне қарай жеке немесе қызметкерлер тобымен жүргізіледі. Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны оны жүргізу қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

Бұл ретте негізгі шешілетін міндеттер:

- 1) әлеуетті қауіптіліктің негізгі көздері туралы ақпаратты объект қызметкерлерінің әрқайсысына жеткізу;
- 2) жұмыс беруші ұйымның терроризмге қарсы қорғалуына қатысты негізгі бағыттар объектілерін қызметкерлерге түсіндіру;
- 3) объектінің әрбір қызметкерін объект аумағы шегінде террористік акт жасау жағдайындағы іс-қимыл тәртібімен егжей-тегжейлі таныстыру.

23. Практикалық және теориялық сабақтар меншік иесі, иеленуші, объект басшысы (күзет қызметі субъектісінің басшысы) бекіткен өткізу кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Практикалық және теориялық сабақтар жеке немесе бір типтегі объектілердің жұмысшылар тобымен өткізіледі.

Теориялық сабақтар барысында тиісті ақпарат жеткізіледі, практикалық сабақтар барысында персоналдың іс-қимылы пысықталады:

- 1) қауіпсіз және кедергісіз эвакуациялау бойынша;
- 2) терроризм актісі қатері төнген жағдайда;
- 3) объектіде күдікті адамдар мен заттар табылған кезде;
- 4) терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жауапты адам ішкі істер ұлттық қауіпсіздік органдарын әр түрлі адамдар тобының іс-қимыл алгоритмдерін пысықтау бойынша жоспарланып отырған практикалық сабақ туралы кемінде бес тәулік бұрын хабардар етеді.

24. Оқу іс-шаралары (оқу жаттығулары) объектілер меншік иелерімен, басшыларымен, ал күзет қызметі субъектілерінің басшыларымен – объектіні күзетуге тартылатын қызметкерлермен, арнайы даярлық деңгейін, күштер мен құралдардың кенеттен туындаған міндеттерді шешуге әзірлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

Оқу іс-шаралары персоналды терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі жағдайында іс-қимыл жасауға, оның салдарларынан қорғау, келушілер мен персоналды объектіден қауіпсіз және уақтылы эвакуациялау тәсілімен оқытуды қамтамасыз етеді.

Өткізу режимін ұйымдастыруға жауапты қызметкерлермен оқу іс-шараларына қосымша терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын игеру және (немесе) жетілдіру, объектіде қолданылатын терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын құпия сақтау, үй-жайларды тексеру техникасы, жарылғыш құрылғыларды төсеудің ықтимал орындарын анықтау бойынша сабақтар өткізіледі.

Террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан күзет қызметі субъектілері күзет қызметкерлерімен оқу жаттығуларын (оқу-жаттығу сабақтарын) күзет қызметі субъектісінің басшысы бекітетін арнайы әзірленген кестелерге сәйкес тоқсан сайын өткізеді.

Кестеге сәйкес жаттығу жетекшісі жоспар жасайды, онда:  
оқу жаттығуларының тақырыбы;  
объектінің атауы, өткізу күні мен уақыты;  
күзетілетін объектіден "дабыл" сигналын беру уақыты мен тәсілі;  
қатысушылар құрамы;  
жаттығуға қатысушыларға арналған кіріспе тапсырмалар.

Оқу жаттығуын өткізу жоспарын күзет бөлімшесінің басшысы және тапсырыс беруші бекітеді.

Оқу жетекшілері бекітілген жоспарға сәйкес қатаң әрекет етеді. Жоспарда көрсетілген уақытта объектіге келеді және алдын ала келісілген тәсілмен "Дабыл" сигналын береді, оның берілу уақытын белгілейді, оқиға орнында күзетшілердің, аға кезекшінің (қарауыл бастығының) күзетшілерге басшылық ету және кіріспе міндеттерді беру кезінде шешімдер қабылдау бойынша уақтылы келуін және іс-қимылының дұрыстығын бақылайды.

25. Террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің объектіге (с) санкцияланбаған әкелуге (шығаруға), әкелуге (әкетуге) тыйым салынған қаруды және басқа да заттар мен заттарды анықтау мақсатында қарап тексеруді жүзеге асыратын қызметкерлері рентген бейнелерін интерпретациялау саласында бастапқы даярлықтан және қайта даярлаудан өтуге жатады. компьютерлік тренажерларды (симуляторларды) қолдану. Қайта даярлау кемінде екі жылда бір рет жүргізіледі.

26. Қорғаныс өнеркәсібі объектілерінің және оларды күзетуге шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризмге қарсы комиссиялармен, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарымен және терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен терроризм актісін жасау немесе жасау қатерлеріне ден қоюға, терроризмге қарсы түрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, терроризмге қарсы операцияларды дайындауға және өткізуге дайындықты қамтамасыз ету шеңберінде өзара іс-қимыл жасайды.

#### **4-тарау. Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

27. Террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары, объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шеңберінде қажет болған жағдайда объектінің, күзет қызметі субъектілерінің осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада келтірілген іс-қимыл алгоритмдерін нақтылайды.

1) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету бойынша;

2) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қаупі немесе жасалуы туралы уәкілетті мемлекеттік органдардан ақпарат алған кезде;

3) жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған бастапқы ден қою іс-шараларын орындау бойынша ұсыныстар енгізеді.

28. Аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары мынадай жағдайларда дереу хабардар етіледі:

1) объектіге шабуыл жасау немесе дайындалып жатқан шабуыл туралы мәліметтер алу;

2) объектінің аумағына заңсыз кіру әрекеттері;

3) объектіде өрттердің және табиғи апаттардың пайда болуы;

4) ғимараттарда, қоймаларда немесе объектінің аумағында күдікті заттарды табу;

5) объектінің қызметіне және қорғалу жағдайына бөгде адамдар тарапынан негізсіз қызығушылық таныту.

29. Ақпарат беру кезінде терроризм актісінің жасалғаны туралы немесе оның жасалу қаупі туралы алынған мәліметтер, объектінің атауы мен мекенжайы, оқиға болған уақыты, зардап шеккендердің болуы, олардың орналасқан жері мен жай-күйі, хабарламаны беретін адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) және ол атқаратын лауазымы көрсетіледі.

Террористік қауіптілік деңгейлерін белгілеу кезінде объектілердің басшылары мынадай қауіпсіздік шараларын қабылдайды:

1) террористік қауіптіліктің "сары" деңгейінде:

объектіде өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік, құлақтандыру, бейнебақылау және күзет дабылы жүйелерінің жұмыс істеу қабілетін тексеру және қамтамасыз ету;

келушілерді, персоналды және көлік құралдарын тексеру, қажет болған жағдайда арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып;

шарт жасасқан күзет қызметінің қызметкерлеріне нұсқама беру алынған ақпаратқа байланысты мамандарды тарта отырып, дағдарыстық жағдайларды оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің күзет қызметтерін, персоналы мен персоналын көрсету туралы тиісті салада;

терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі төнген кездегі іс-әрекеттер бойынша персоналмен оқу іс-шараларын өткізу;

адамдарды шұғыл эвакуациялау мәселелерін, материалдық құндылықтарды және эвакуациялау орындарын айқындай отырып құжаттаманы пысықтау;

объектілерде сақталатын қауіпті заттарға қол жеткізуге жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;

2) террористік қауіптіліктің "қызғылт сары" деңгейі кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейін белгілеу кезінде қабылданатын шаралармен қатар):

терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды пысықтау;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметкерлердің жоғары даярлық режимін күйге келтіру;

3) террористік қауіптіліктің "қызыл" деңгейін белгілеу кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызғылт сары" деңгейлерін енгізу кезінде қолданылатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару бойынша шұғыл шаралар қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмысына жәрдемдесу;

объектіні төтенше режим жағдайына аудару.

30. Мемлекеттік органдар Хабардар ету ету қағидаларына сәйкес терроризм актісі (актілері) қатерінің туындауы немесе жасалуы туралы террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелерін, иеленушілерін, басшыларын және өзге де лауазымды адамдарын хабардар етеді (хабардар етеді).

Объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары, күзет қызметінің субъектілері уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) жедел штабтарға олардың терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді және терроризмге қарсы операцияларды дайындау және өткізу кезінде жәрдем көрсетеді.

## **5-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеуге және оның айналымына қойылатын талаптар**

31. Террористік тұрғыдан осал әрбір объектіге оның электрондық нұсқасын әзірлей отырып, екі данада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке бірлескен бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) терроризмге қарсы қорғалудың үлгілік паспортына сәйкес объектінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты (бұдан әрі – Паспорт) жасалады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.03.2024 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Паспорттың жобасы меншік иесі, иеленуші, объект басшысы объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбесіне (бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу туралы тиісті хабарламаны алған сәттен бастап 45 жұмыс күні ішінде жасалады.

Жекелеген жағдайларда терроризмге қарсы комиссияның шешімі бойынша объектінің күрделілігін ескере отырып, паспорт жасаудың өзге де мерзімдері белгіленеді.

33. Аумақтық тізбеге енгізілген объект паспортының жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде үлгілік паспортта көрсетілген полиция органдарының лауазымды адамына келісуге жіберіледі.

Паспорттың жобасын келісу мерзімі паспортта көрсетілген лауазымды адамға паспорт келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

34. Паспорттың жобасына ескертулер болған кезде, ол қайтаруға себеп болған себептерді көрсете отырып, паспорттың жобасын жіберген тұлғаға қайтарылады.

Паспорттың жобасы қайтарылған күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықталады.

Қайта келіп түскен паспорттың жобасын келісу мерзімі (бұрын көрсетілген ескертулерді орындау үшін) 7 жұмыс күнінен аспайды.

35. Келісілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде паспортты объектінің құқық иесі болып табылатын ұйымның, ұйым бөлімшесінің меншік иесі, иесі немесе басшысы (оның ішінде оны жанарту кезінде) бекітеді.

36. Ғимарат немесе ғимараттар мен құрылыстар кешені бірнеше құқық иеленушіге тиесілі объектілерді орналастыру үшін пайдаланылған жағдайларда, паспорт жасау объектілердің барлық құқық иеленушілері немесе олардың біреуі арасындағы жазбаша келісім бойынша жүзеге асырылады.

37. Бірлесіп жасаған кезде паспортты террористік тұрғыдан осал объектілердің барлық құқық иеленушілері бекітуге тиіс.

38. Бір құқық иеленуші жасаған кезде паспортты объектінің басқа құқық иеленушілерімен келісім бойынша объект басшысы бекітеді.

39. Паспорттың көшірмелерінің (электрондық көшірмелерінің) саны және оларды объектінің басқа құқық иеленушілеріне жіберу олардың құқық иеленушілері арасындағы жазбаша келісімде айқындалады.

40. Паспорттың бірінші данасы (түпнұсқасы) қол жетімділігі шектеулі жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының бұйрығымен айқындалған жауапты тұлғада немесе объектінің бөлімшесінде сақталады.

41. Паспорттың екінші данасы және паспорттың электрондық нұсқасы (сканерленген паспорттың PDF форматындағы жазбасы бар электрондық ақпарат

тасығыш (әдетте, оптикалық диск) бекітілген немесе түзетілген күнінен бастап 10 күн мерзімде сақтау үшін ішкі істер органдарының бөлімшелеріне жіберіледі.

42. Паспорт өзгерген кезде түзетіледі және:

1) меншік құқығы;

2) басшы ауыстырылған, ол лауазымға кіріскен кезде жауапты адам үш күн мерзімнен кешіктірмей титулдық параққа қол қойғызып паспортпен танысуды жүзеге асырады;

3) объектінің атауы;

4) объектінің негізгі мақсаты;

5) немесе күрделі жөндеу, үйлерді (құрылыстар мен ғимараттарды) және инженерлік жүйелерді реконструкциялау аяқталғаннан кейін;

6) объектінің ықтимал қауіпті учаскелерінің тізбесі;

7) объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін тартылатын техникалық құралдар.

43. Паспортқа түзетулер енгізу оның өзгеру себебі туындаған сәттен бастап 20 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жекелеген жағдайларда терроризмге қарсы комиссияның шешімі бойынша объектінің күрделілігіне және енгізілетін өзгерістерге қарай өзге де мерзімдер белгіленеді.

44. Паспортқа объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының қолымен куәландырылған өзгерістер енгізіледі. Өзгерістер болған паспорттың элементтері ғана ауыстырылуға жатады. Бір мезгілде объектінің құқық иеленушісі болып табылатын ұйым басшысының қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат паспорттың екінші данасына қоса тіркеу үшін мүдделі тұлғаларға жіберіледі.

45. Паспорт толық ауыстыруға жатады:

1) кемінде 5 жылда бір рет;

2) паспорт мәтінінің жартысынан көбіне түзетулер енгізілген жағдайда.

Күші жойылған паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен жойылуға жатады.

Акт объектінің құқық иеленушісі болып табылатын ұйымда қалады.

Актінің көшірмесі паспорттың екінші данасын сақтау орнына жіберіледі.

46. Паспорттың мәліметтері шектеулі сипатта болады, олармен жұмыс істеу тәртібі шектеулі ақпаратқа қойылатын заңнама талаптарымен айқындалады.

47. Паспорт терроризмге қарсы операция, оқу-жаттығулар, жаттығулар, эксперименттер жүргізілген жағдайда пайдаланылады және терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабқа оның өкілінің сұрау салуы бойынша беріледі.

48. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыстар жүргізілетін террористік тұрғыдан осал объектілерде паспорт "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Нұсқаулыққа сәйкес әзірленеді.



## **6-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік -техникалық жабдықпен жарактандыруға қойылатын талаптар**

49. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету кіруі шектеулі күзетілетін аймақтарды, бақыланатын аймақтарды белгілеу және қорғау, өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету, объектінің күзетілетін аймағында орналасқан жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды күзету, сондай-ақ қызметкерлерді, келушілерді, жолаушыларды, қол жүгін, багажды, адам мен көлік құралын бақылау және қарап-тексеру жөніндегі іс-шараларды қамтиды. объектінің бақыланатын аймақтарына өту.

50. Терроризм актісін жасаудың ықтимал салдарын және инженерлік-техникалық жабдыққа қойылатын сараланған талаптарды айқындауды ескере отырып, террористік тұрғыдан осал объектілердің мынадай топтары белгіленеді:

1) бірінші топтағы қорғаныс өнеркәсібі объектілері-жаппай қырып-жою қаруын, оқ-дәрілерді, ұшу аппараттарын, жарылыс-өрт қауіпті заттарды (улы, аса қауіпті бактериологиялық, биологиялық, химиялық және улы заттарды) өндіруге және сақтауға тартылған қорғаныс-өнеркәсіп кешенін ұйымдастыру;

